



# Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет  
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая  
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 41 (936)

7 қазан 2016 жыл

Жұма

(Материал в следующем номере)

## Мәдениет күні

Жадыраған жаз бойы ауданымыздың кеңістігін өн мен күйге бөлеген мәдениет күні мерекесі мәресіне келіп жетті десе болады. Елдімекендердегі шараның түңлігі түсіріліп, шымылдығы жабылды. Ауыл округтері арасындағы сынның соңғы нүктесін «Мәңгілік ел - Қазақстан!» ұранымен елтайлықтар қойды.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ БИІКТЕЙ БЕРСІН!

### ҚАЗАҚ АУЫЛЫ

Қаражиде елдімекенінде өткен той табиғи шынайылығымен есте қалды. Кетпен ұстап жер емген, құнарлы өрісіне мыңғырған мал өргізген шаруа адамдары киіз үйлерін тігіп, қазандарын көтеріп, қазы мен қарталарын асып, самауырындарын қайнатып, шәйнектеріне шайларын демдеп, қонақтарын салтанатпен атлас шайы көрпенің үстіне отырғызып үлкен құрмет көрсетті. Дәстүрге берік ауыл адамдары аяғын қаз-қаз баса бастаған Ернар сынды батыр болар сәбидің тұсауын аудан тізгінін ұстаған Қайрат Әшірәліұлына кескізіп, ақ батасын алды. Өңір басшысы, сондай-ақ бүлдіршіннің өмір айдынында көк бөрідей жортып жүруіне тілектестігін білдірді. Ал айтулы күндердің мазмұнын ашатын шығармашылық туындылар мен көздің жауын алатын қолөнер бұйымдарының көрмелері, спорт сайыстары мен ұлттық өнеріміздің асыл қазынасы саналатын көкпар ойынында көк серкені тартысқа салған қара нардай қайратты жігіттердің жолбарыстай жұлмаласуы ертеректегі қазақ ауылының тіршілігін көзге елестетті. Көпшіліктің бұл тартысты көріп тамашалауы мұн екен «қайтып ел бөлесің құрметіне, халықтан өнеріңді іркіп қалсаң» деген үлкен-кіші, кәрі-жастың толымды шоғыры ауыл намысын жыртып, сахна төріне шықты. „нерпаз қауым өнерін бастамастан бұрын аудан әкімі Қ.Бисембаев жұртқа құттықтау сөзін арнап, алдағы жылы ауылдардағы 18 көшеге асфальт қабаты төселетінін, басқа да құрылыс жұмыстарының атқарылатынын жеткізе келе, ауыл тұрғындарының бір тобына жемісті еңбектері мен қоғамдық өмірге белсене атсалысқандары үшін «Алғыс хат» тапсырды. Олардың қатарынан қазыналы қарт С.Мұқашев, ардақты ана Б.Смаилова, еңбек майданының ерлері А.Муздыбаев пен Қ.Еділов және Елтай мен Сарыбұлақ мектептерінің, ауылдық амбулатория ұжымдары көрінді. Артынша өнерпаздар өн мен күйдің тиегін ағытты. «Қазақстан ер қанаты, ұлы даланың құдіреті туралы тебіренген ақын бауырымыз Тұрсынжан Жұмаш, білікті ұстаз Сәуле Төлегенқызының жетекшілігімен оқушылардың оқуында өрбіген «Біздің тарих» атты әдеби монтаж, ұлт-азаттық көтерілісіне арналған 1916 жылдың қаһарлы күндерін шынайы түрде бере білген драма ұжымы,



талшыбықтай майысқан бойжеткендердің көркем биі, мөлдір бұлақтай таза дауысқа ие Аружан Жансеріктің салған өршіл әні, халық әні «Гүлдерайым-ды» тамылжыта отырып, жастық шақтарын еске түсірген әжелер қарасы, Ел ордасы Астананы тартым-



ды үнімен әнге қосқан Гаухар Әділбек, «Бал-бырауын» күйін дариядай тасытқан Мерей Сәрсенхан, кезінде халық арасына кең тарап «хит» болған Ә.Бейсе уовтың таңғы шықтай

таза «Алтыным» әнін жібектей есілткен қыздар вокалды тобы, өзбек биіне тән наздылық пен биязылықты көрерменге жеткізе білген қылықты қыз Аружан Бахтыбаева, ауылға деген сағынышын «анамның саусағының табы түскен, ағатай қалтаңда құртқын бар ма?» деп ерекше сарынды әуезді дауысымен жүректің қылын шерткен Асхат Тілеш, «Ерке сылқымды» ескектеткен домбырашылар үштігі, «Жаса, қазағым!» деп тыңдарманды патриоттық сезімге бөлеген жас талант Әлішер Әбдіқұлов, «Атамекен» әнін толқиндай тулатқан Ербол мен Асхат тыңдарман айызын қандырды. Бағдарлама барысында, сонымен қатар, тойға арнайы шақырылған ауылдың сыйлы азаматы Сағымбек ақсақалдың сыртта жүрген үш бірдей келіні Құралай, Лаура және Толқын жеке концерт берді. Кәсіби өнер иелерінің шығармашылығына жұртшылық үлкен қызығушылық танытып, қошемет білдірді.

### ҚАБІЛЕТ-ҚАРЫМЫ КЕЛІСКЕН ЖАС

Қалалық саябақта өткен Пушкин атындағы мектеп өнерпаздарының бағдарламасы да сәтті өтті. Мереке тақырыбына сай қойылған көрмелер әсем бояулары және өзекті ойларымен ерекшеленді. Әсіресе, Алаш қайраткері Ә.Бөкейханға арналған бұрыш ұнады. Ұлт көсемінің өмірі мен қызметі жақсы қамтылыпты. Өн мен күйді өмірлеріне серік еткен оқушылар мен мұғалімдерге келсек, олар да анып қалмай, бойдағы бар өнерлерін ортаға салды. Ұшы-қиыры жоқ кең даланың құдіретін асқақтатқан хор, «Шашу» биін неше алуан түрленген «Қыз-ғалдақтар» тобы, тыңнан түре сала аралас вокалды топ құрып, «Отан ана» әнін сұңқардай саңқылдатқан ұлдар мен қыздар, «Қазағым» әнін би өрнектерімен әшекейлеуге талпынған балғын өнерпаз Сейілбаева, аспаптар үндестігін

тауып «Келіншек» күйін күмбірлеткен ұлт-аспаптар ансамблі, қазақтың игі жақсыларын әніне қосып, терме жанрын насихаттаған Жаңылған Қайролла, сахнаға арудың қос бұрымындай өріле шығып, халық әні «Дедім-ай» ауды төгілген Бағлан мен Бота, эстрада музыкасының ырғағымен бүгінгі заман биін өрілген бишілер тобы, қазақ хандығынан «Желтоқсан» көтерілісіне бір-ақ секіріп, Тәуелсіздік мазмұнын ашуға тырысқан драма көріністерінің өнерпаздары, бәрі де мақтауға лайық деп ойлаймыз. Осы тұста бір өзі өн салып, күй шерткен, хор ұжымына дирижерлік етіп, ұлт-аспаптар ансамблінің ұйымдастырған Жаңылған қызымыздың ерен еңбегін айрықша атап өткен жөн. Жас маманға шығармашылық табыс тілейміз. Ауданға қолынан іс келетін осындай өнерлі жастар керек-ақ. Сөз түйініне келсек, осылайша, қала мен дала болып, мәдениеттің жалауын желбірете, Тәуелсіздік тұғырын биіктете берейік.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

Қазан айының бірінші жұлдызында Тастөбе ауылдық округінде дүбірлі шара болып өтті. Өңір ақсақалдары бастап, аудан атқа мінерлері қоштап, облыстық мәслихаттың депутаты Б.Байтаевтың атсалысуымен тыл ардагерлерінің есімдерін ұлықтаған ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына алыс-жақыннан ағылған жұртшылық қарасы көп болды.

## Есімдері жаңғырған...

Қаратал ауданы бойынша тұңғыш рет өткізіліп отырған аталмыш іс-шара тағлымдылығымен ерекшеленді. Аудан әкімі Қ.Бисембаев пен облыстық мәслихат депутаты Б.Байтаевтың қаржылай демеушілігімен және де ауыл тұрғындары жинаған қаржының көмегімен ашылған ескерткіш тақтаға 40-қа жуық тыл ардагерлерінің есімі қашалып жазылған. Халқымыздың «Өлі риза болмай, тірі баймайды» деген астарлы ұғымына терең бойлаған, әрине, баю мақсатымен емес, өлгендер рухына тағзым етуді көздеген ұйымдастырушылар өз мақсатына жетті. Көтеріңкі көңіл

## СОСТОЯЛСЯ ПРИЕМ ГРАЖДАН

Недавно, в здании районной прокуратуры прием граждан осуществлял заместитель прокурора Алматинской области Бакиров Саян Сабитович. Пришедшие на прием жители города Уштобе, обратились в основном по личным вопросам. Как нам сообщили в райпрокуратуре, заявления авторов обращений взяты на контроль, находятся на стадии рассмотрения.

Соб. инф.



### Наш город

Хорошо, что есть среди нас люди, для которых безразличны чистота города, его благоустройство и безопасность улиц. Не желая оставаться равнодушными к его проблемам, они нередко обращаются в нашу редакцию. С наиболее острой проблемой, изложенной в небольшом письме, к нам и обратилась жительница города, наш постоянный читатель Марина Хайбулина. И вновь речь шла об открытых люках, тему которых мы неоднократно поднимали на страницах «Бастау».

Автор письма пишет: «Когда идешь по улице Кабанбай батыра к центральной почте, то чуть ли не у дверей бывшего горакимата рискуешь провалиться в открытый люк. Такой же есть и на тротуаре по проспекту Конаева возле центральной площади (неподалеку от здания прокуратуры). Еще один открытый люк ждет очередную жертву на пересечении проспекта Конаева и Уштобинского переулка как раз на проезжей части. В него недавно угодила ехавшая на велосипеде женщина и получила серьезные травмы. Угодил в тот же люк и автомобиль одного из уштобинских водителей, которому теперь придется как следует потратиться на ремонт. Как быть с этими «ловушками»? Ведь расположены они в многолюдных местах, где каждый день проходят сотни человек, в том числе маленькие дети, школьники. Страшно даже представить, что может произойти с тем, кто провалится в эту яму. Хотелось, чтобы соответствующие службы как можно скорее приняли необходимые меры, пока не случилось беды...».

К счастью, пока данный материал готовился к выходу, люк на проезжей части проспекта был закрыт подрядной организацией, проводящей там небольшие ремонтные работы. Так что сейчас можно ездить беспрепятственно. Но надолго ли? Все знают, что крышка с

## НАВОДЯТ ПОРЯДОК И ЧИСТОТУ

Со стартом осеннего месячника по благоустройству и озеленению населенных пунктов уштобинцы дружно принялись за дело. В мероприятиях принимают участие как коллективы учреждений, предприятий, организаций, так и владельцы жилых домов.

Как отметили в администрации Куат Онгаров, с 15 сентября по 1 октября, в округе было проведено 5 массовых выходов, по саночистке и благоустройству. Мероприятия проходят дважды в неделю по средам и субботам. В итоге, на сегодняшний день, очищено от сухостоя и мусора 86 из 134 улиц районного центра, 8 км автомобильных дорог, 4 км арычной сети. Из 5988 частных дворов убраны 2169. На городской полигон вывезено 197 тонн мусора. Кроме этого, произведена покраска кольца и его ограждения, стеллы, арок (при въезде в город) и другое. Наибольшую активность в проводимых мероприятиях проявляют работники центральной районной больницы, образовательной сферы, отдела занятости и социальных программ, лесхоза и другие. Работы в заданном направлении продолжаются, благодаря чему Уштобе становится чище.

Н. ИВАНОВА



## ОПАСНОСТЬ ПОД НОГАМИ

этого люка с завидным постоянством бесследно исчезает, становясь, скорей всего, добычей охотников за металлом. А ведь воруют крышки наши с вами земляки. Будем надеяться, что жажда наживы у этих людей все же уступит место здравому смыслу и подобное прекратится. Сейчас открытые люки постепенно превращаются в урны и в них летит всякий мусор. А для того, чтобы хоть как-то огрести людей от опасности и сделать ямы более заметными, кто-то воткнул в них ветки. Смешно, но на сегодняшний день это остается единственной мерой, предпринятой для того, чтобы обезопасить окружающих. Да вот только смех этот не очень веселый...

Мы связались с соответствующими службами, которые пообещали принять меры по устранению данных проблем. Надеемся, что это произойдет в ближайшее время. Ну а пока, дорогие читатели, смотрите под ноги и берегите себя!

Бастау-ақпарат



күй мен әсем әуеннің ырғағында салтанатты түрде лентаны қиған Базархан Байтаев пен өңір ақсақалдар кеңесінің төрағасы, Қаратал ауданының құрметті азаматы Нұрсұлтан Барымбековтар жұртшылықты құттықтап, ақ жарма тілектерін ақтарды. Тілектер ағынын аудан әкімі аппаратының жетекшісі Қанабек Есботанов пен Жетісу өңіріне танымал қаламгер Тұрсын Әбдуәлі ақсақал әрі қарай тарқатты. Ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірген тұрғындар кезек-кезек өткен күндердің бұлыңғыр естеліктерінен сыр шертіп, бірі әкесін, бірі анасын, енді бірі аға-бауырларын еске түсіріп, көздеріне жас алды. Шара соңында тыл ардагерлерінің рухына құран бағышталып, ас берілді.

Л. ЖАНБОТА



## ВОЗДАЛИ ДОЛЖНОЕ МУДРОСТИ

### АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ЭЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША

Бүгінгі күні аудан бойынша тіркеуде тұрған мүгедектер саны 1403 адам. Мүгедектерге және жалғыз басты қарттарға үйде көмек көрсету бөлімшесінде 2016 жылы 79 қартқа, оның ішінде 7 мүгедекке элеуметтік қызметкерлер көмек көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден элеуметтік көмек көрсету бөлімшесі халықты элеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы элеуметтік қызмет көрсету стандартына сәйкес 83 балаға элеуметтік күтім жүргізеді, оның ішінде қала балаларымен қоса ауылдық жерде тұратын балалар да элеуметтік қамқорлыққа алынған. Стандартқа сәйкес 7 арнайы элеуметтік қызмет түрі жетілдірілген. Биылғы жылы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндіз болу орталығының ашылуына облыстық бюджет есебінен 74788,0 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінді. Жақында орталық ашылып, 60 балаға қызмет көрсетеді. Аудандағы үкіметтік емес ұйымдар арнайы элеуметтік қызмет көрсету конкурстарына қаты-



сып, «Алпамыс» қоғамдық бірлестігі жеңімпаз атанып, бүгінде арнайы бағдарлама бойынша 15 адамға қызмет көрсетеді. Бөлінген қаражат көлемі 2161,9 мың теңге. Жыл басынан жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеу мақсатымен 47 мүмкіндігі шектеулі азаматтар жүгінді. Оның 12-і қоғамдық жұмысқа тартылса, элеуметтік жұмыс орындарына 11 мүмкіндігі шектеулі азамат жіберілді. Тұрақты жұмыспен 30 мүмкіндігі шектеулі азамат қамтылса, 2 азамат 1-ші бағыт бойынша уақытша жұмысқа орналастырылды, ал 2-і қалаған мамандықтары бойынша кәсіптік оқуға жіберілді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден элеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі қарттар және мүгедектер күні декадасы аясында мүгедек балаларға арналған «Жүрек жылуы» атты мерекелік шара ұйымдастырды. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге және мүмкіндігі шектеулі балаларға бөлімше қызметкерлері мерекеге орай сыйлықтар таратты.

Жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар бөлімі аудандағы 100 және 100 жас-тан асқан қариялардың үйлеріне барып құттықтады. «Опытное» ӘК «Алпамыс» ҚБ де-меушілік көрсетіп, 40 мүмкіндігі шектеулі жанға азық-түлік таратты. Сондай-ақ, Үштөбе қаласы әкімдігінің ұйымдас-тыруымен, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі балаларға «Қаратал», «НикАлина», «Камшат», «VIP» кафелерінде мерекелік шаралар өткізіліп, қайырымдылық дастархан жайылды.

**С.АМАНДОСОВ,**

*аудандық жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.*

В начале октября по всей стране широко отмечается День пожилых людей и инвалидов. По традиции, добрый и теплый праздник подарили представителям мудрого и отважного поколения, а так же людям с ограничениями в здоровье и в нашем районе.

### ОКРУЖИЛИ ЗАБОТОЙ, ПОДАРИЛИ ПРАЗДНИК

Так, акция под названием: «Кариясы бар елдің, қазынасы бар», где чествовали ветеранов труда, была организована районным акиматом и молодежным общественным объединением «Жетісу жастары ұйымының Конгресі».

За празднично накрытым достарханом кафе «ЛАД», представителей старшего поколения приветствовал аким района Кайрат Бисембаев. «Мы благодарны карателям старшего поколения за их труд, за силу духа, искреннюю любовь к району и за большой вклад в его процветание. Примите от нас, дорогие ветераны, глубокую признательность за вашу жизнь, наполненную высоким смыслом и добрыми делами! Будьте здоровы и счастливы! Пусть всегда с вами рядом будут любящие и заботливые дети, внуки, друзья! Мира и благополучия вам и вашим близким!», - сказал Кайрат Аширалиевич. Поблагодарив присутствующих за внесенный ими огромный вклад, который послужил фундаментом в становлении нашего независимого государства, глава района озвучил ближайшие перспективы района. Затем, он вручил виновникам торжества благодарственные письма и памятные подарки. Сопровождалась акция большой концертной программой, с участием артистов областной филармонии им. Суюнбая, ансамбля «Талдақорған әуендері» и работников районного Дома культуры.



дельцами кафе «НикАлина» (Валентина Заврина), «Каратал» (Эльза Ким), «Камшат» (Талгат Бекбосынов), «VIP» (Роза Чен) были накрыты благотворительные праздничные дастарханы. Следует отметить, что в этом году, ОО «Казахское общество слепых», через участие в госзаказах предоставляет инвалидам индивидуальные помощников и услуги инвентаря, а также выиграло 2 грантовых проекта, связанных с открытием стола заказов и социально – правовой защитой людей с ограниченными возможностями. В ходе мероприятия, представитель общественного объединения Элла Ким, вручила за счет корпоративного фонда подарки 8 членам

попечительского совета и 14 активистам данной организации. Не остались без подарков и члены общественного объединения «Алпамыс». Председатель Евдокия Ли преподнесла памятные подарки 20 обслуживаемым пенсионерам и 15 наиболее активным членам возглавляемого ей общественного объединения. К слову, ОО «Алпамыс» тоже приняло участие в госзаказах и теперь в его рамках проекта «Надежда» оказывает социальные услуги на дому престарелым людям. Сопровождались мероприятия яркой концертной программой, поставленной учащимися средних школ имени Морозова, Б. Римовой, А. Пушкина, И.Есенберлина. Порядка 150 пожилых и ограниченных в здоровье карательцев насладившись вкусными угощениями, музыкой, пением молодых талантов, общением друг с другом, от души поблагодарили тех, кто подарил им настоящий веселый праздник. В целом, мероприятия доставили им огромную радость, позволили почувствовать заботу окружающих, душевное тепло и милосердие.

**С. ДАРКЕНБАЕВА**

«Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» КММ –нің филиалы «Қаратал ауданының жастар ресурстық орталығы» және қала, ауылдық округтердің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушыларының ұйымдастыруымен «25 қайырымды іс» акциясы аясында «Ардагерлерді ардақтайық!» атты акциясы өткізілді.

### АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

Қашанда «Үлкенге құрмет – кішіге міндет» екенін терең ұғынған өңір жастары, көнекөз қарияларымызға қамқорлық жасап, ілтипат білдіруден қалыс қалған емес. Үштөбе қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Шертай Шаукенов, Айту би ауылдық округінің тұрғыны,

Ұлы Отан соғысының ардагерлері Мырзалы Қынабаев, Оразхан Рысбек, Ескелді ауылдық округінің тыл еңбеккері Мамуч-оглы Ходжо Аслановна сынды қарттардың үйлеріне барып, волонтерлік көмек көрсетіп қайтты. Акция қарттарымызды құрметтеп, көмек қолын созу және

жастарымызға патриотизмді дәріптеуге бағытталады. Қазыналы қарттарымызды моральдық тұрғыда көтермелеп, олардың қоғамдағы орнын бағалауға бағытталған ізгілік шаралары әрі қарай жалғасын табады.

**Н.РАКМЕТҚАЗЫНОВ,**  
«Қаратал ауданының жастар ресурстық орталығы» бас кеңесшісі

**Ілтипатпен, мейіріммен тіл қатып,  
Жүретұғын білім үшін үн қатып.  
Көңілі өскен шәкіртімен қуанып,  
Біле білсең, ұстаз болу бір бақыт!**

### ҚАШАН ДА ЛАЙЫҚ ҚҰРМЕТКЕ...

Даналықтың да, даралықтың да басы қашан да ұстаз. Халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы», - деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесі жолында есепті еңбек етіп келе жатқан мұғалімдердің ата-анадан кейінгі орыны ерекше. Қалыптасқан дәстүр бойынша биыл да ұстаздар мерекесі тамаша сән салтанатымен аталып өтуде. Аудандық мәдениет үйінде өңіріміздің мұғалімдер қауымының басын қосқан «Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» атты салтанатты кеш сөзімізге дәлел болмақ.

Бұл күні мәдениет үйінің кіре берісінен бастап төріне дейін мерекеге сай, ұстаздардың атын асқақтатар қанатты сөздер ілініп, қызылды – жасылды шар, гүлдермен әсем безендірілген. Құшақ-құшақ гүлдер, жылы лебіздер, ең әдемі сөздер мен марапаттаулар – бәрі-бәрі де тек ұстаздарға арналды. Сахна төріне көтерілген аудан әкімі Қ.Бисембаев пен мәслихат хатшысы Б.Смаиловтар құттықтау сөз сөйлеп, жүрек жарды лебіздерін ақтара келіп, білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ ұстаздарды алғыс хатпен марапаттады. Алғыс хат арқалағандардың қатарында Р.Қошқарбаев ОМ орыс тілі пәнінің мұғалімі – Е.Ким, №25 балабақшаның әдіскері

–А.Туякбаева, Жамбыл ОМ бастауыш сынып мұғалімі – Д.Малдыбаева, Оян ОМ директоры – А.Сейдаханова, «Мақсат» жекеменшік балабақшасының құрылтайшысы – Ш.Туктубаева, білім бөлімінің әдіскері – Н.Интыбекова, І.Есенберлин атындағы ОМ ұстазы – Б.Алтанхан, Б.Римова ОМГ ұстазы – Г.Уалиева және тағы басқалар бар. Сонымен қатар өңір басшысы Қайрат Өшірәліұлы ҚР Білім және ғылым министрлігінің гра-

мотасын Елтай ОМ мұғалімі – О.Қалқабаеваға, аталмыш министрліктің алғыс хатын Пушкин атындағы ОМ ұстазы С.Шынғожаинаға, облыстық білім басқармасының құрмет грамотасын Жылыбұлақ ОМ ұстазы – Г.Тұрсынбековаға, Лермонтов ОМ мұғалімі – М.Шинға, ал «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісін Р.Қошқарбаев ОМ директорының орынбасары – Е.Нам мен Б.Римова ОМГ ұстазы – Б.Тыналинаға табыстады. Аудандық білім бөлімі дайындаған марапаттар да өз иелерін тауып жатты. Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, мұғалімдер көңілі бір серпіліп қалды.

Ия, білім жүйесінің жаны да, жүрегі де, тірегі де – ұстаз. Оларға қандай марапат көрсетсек те, қандай қошемет білдірсек те артық етпес.

Шәкіртімен нұрландырған тағдыры, Оларменен шауқтанып, жанды күн. Мейрамымен шұғылалы, шауақты, Құттықтаймыз, ұстаздардың барлығын!!!

**Л.ЖАНБОТА**



### Семинар

Аудандық желілік ішкі істер бөлімінде «Зайырлы қоғам: дәстүр мен діндердің арақатынасы» тақырыбында семинар отырысы болып өтті. Желілік ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары А.Қыдырбаевтың төрағалығымен өткен жиынға діни мәселелер бойынша аудандық ақпараттық-насихат топ мүшелері, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, аудан, ауыл имамдары, желілік ішкі істер бөлімі және аудандық ішкі істер бөлімі қызметкерлері қатысты.

### ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аманғазы Еркінбекұлы жиналғандарды ҚР-ның «Қазақстан-2050» Стратегиясынан туындаған міндеттерді және ҚР-дағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру; Дәстүрлі діндердің құндылықтарын дәріптеу, халықтың діни сауаттылығын арттыру; Ел арасында деструктивті діни ағымдардың таралуын алдын алу, жұртты ақпараттандыру; Отан сүйгіштікті, толеранттылықты, төзімділік пен байсалдылықты, конфессияаралық келісімді насихаттау туралы семинардың негізгі мақсаттарымен таныстыра келіп, сөз тізгінін баяндамашыларға берді. Семинардың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ауданның бас имамы – Ә.Таласбай, Архангел Михаил храмының священнигі – Н.Матлашов, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі – Н.Нестеровалар сөз сөйледі. Жиналғандар тарапынан салмақты сауалдар қойылып, ұтымды жауаптар берілді. Төраға - Аманғазы Қыдырбаев: «Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде былай деген: «Дін ұстараның жүзіндей нәзік, бұл салада жаза басуға болмайды, өйткені, адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады». Қоғамымыздың алға басыу, мемлекетіміздің дамуы ауызбіршілік пен конфессияаралық келісімде. Дәстүр мен дін – мәдениеттіліктің ажырамас бөлігі екенін ұмытпау керек. Халқымызда «Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта» дейді, сондықтан келешегіміз кемел болуы үшін барша жұрт болып бірлік туын биік көтеріп, оны көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет», -дей келіп, семинар жұмысын қорытындылады.

**Бастау-ақпарат**



«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалында «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» байқауы өтті. Оған Алматы облыстық филиалының қызметкері А.Карибжанова, аудандық партия филиал және статистика меңгерушісі Б.Сүлейменова, партия ұйымы төрағалары, партия белсенділері қаудауың мақсаты үздік бастауыш партия ұйымының жұмыс тәжірибесін елдің барлық аймақтарында тарататын және сайланбалы қызметтерге ұсыну үшін еліміздің барлық аймақтарында партиялық белсенді және белсенді БПҰ төрағаларынан партиялық қызметкерлерді тәжірибелі және белсенді қылып қалыптастыру болып табылады.

Партия белсенділерінен құрылған комиссия мүшелері байқауға қатысуға ұсыным берген 11 бастауыш партия ұйымдарының орна-

Тайм-аут: 10 минут. Продолжительность: 10 минут.

ласқан жерлерінің безендірілуі мен, ішкі партиялық жұмыстарымен танысып, байқаудың іріктеу критерилеріне сәйкес өткізген құжаттарына сараптама жүргізіп, 11

бастауыш партия ұйымдарының арасынан жеңімпаздарды анықтады.

Олар: 1 санат бойынша «Елтай» бастауыш партия ұйымы, 2 санат бойынша «Ескелді» бастауыш партия ұйымы, 3 санат бойынша «Косенков» бастауыш партия ұйымы жеңімпаз атанды. «Ең үздік бастауыш партия» байқауына қатысқан бастауыш партия ұйымдары «НұрОтан» партиясы Қаратал аудандық филиалы төрағасының алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**С. СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ**



## 1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). 2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі. 3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбе негізінде мемлекеттік ветеринариялық дәрігер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кенесі; 2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі – портал); әрқашан [kxz@egov.kz](mailto:kxz@egov.kz) е-mail арқылы.

**2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:  
1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтіністі әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тартady.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды; анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар бере отырып, объектінің ветеринариялық ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкес еместігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды (бұдан әрі – ветеринариялық-санитариялық қорытынды). Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды электронды нысанда рәсімделеді, бланкке басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің қолы қойылады және мөрмен расталады. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүргіген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» ветеринариялық-санитариялық қорытындыны алу орны, күні мен уақыты туралы хабарлама көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алу-

шылар) «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының, 6) тармақшасына сәйкес ақылы түрде (ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісі үшін) көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған бланктің құнын екіші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭУТШ) немесе екіші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13:00-ден 14:00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін. Етіністің қабылдау

және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13:00-ден 14:00-ге дейінгі түскі үзілістен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі; 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның өкілі) жүрген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге: 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) жалға алу шартының құқығында үй-жайлардың тиісті бтр екенін растайтын құқық белгілейтін құжат көшірмесі; 4) ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісін қунын төлегенін растайтын құжат.

Порталға: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес, тұтынушының ЭЦД-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жалға алу шартының құқығында үй-жайлардың тиісті бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі; 3) ӘУТШ арқылы төленген жағдайды қоспағанда, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді туралы мемлекеттік тіркеу, меншік құқығында тиісті үй-жайлардың бар болуы туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: 1) көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылдау күні, уақыты, құжатты қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтінішінің қабылданғанын растау болып табылады; 2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

**«Ветеринариялық анықтамалар беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). 2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрілік) әзірледі. 3. Мемлекеттік қызметті жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринарлық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылы.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап жүгінген күн ішінде; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. 6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ветеринариялық анықтама, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Бірілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәлеметтер «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің

нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде. 7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі. 8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында (қоса алғанда) сағат 13:00 -ден 14:00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13:00 -ден 14:00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алу жазылусыз және жедел-дәтілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі: Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша сәйкес келетін бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкес үшін). Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштерді өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

10. Мемлекеттік көрсетілген қызмет беруден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады: 1) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шығу (орналасқан) орнындағы жануарлардың инфекциялық аурулары бойынша эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы); 2) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шығу (орналасқан) орнының қолайсыз аймақ деп белгіленуі; 3) жануардың жеке нөмірінің болмауы; 4) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен кәсіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі.

**«Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). 2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі. 3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады. Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу қажет болған жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.license.kz](http://www.license.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – облысты (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары айқындаған өткізу мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады; Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшерме беру – 30 (отыз) минут; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 4) сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген кезде (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) қайталама мемлекеттік көрсетілетін қызмет жаунарларға жаңа жеке нөмір бере отырып, көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ірі жануардың сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіге аспалы сырға телнұсқасы келіп түскен күннен бастап

*Сыбайлас жемқорлық еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесіне айналып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұр-ғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық.*

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар (қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлкті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау), осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Елбасы биыл да «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады», - деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әріқарай жалғасын табады деген сөз. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға да жиырма бес жылдай уақыт болыпты. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығаю тәуісіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзелей, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Үштөбе ст. ЖПБ-нің тергеу бөлімшесі**

2(екі) жұмыс күні ішінде. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. 6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру тәсілдерінің бірімен жануарларға ветеринариялық паспорт бере отырып жеке нөмір беру, телнұсқа беру, ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрде. 7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақысыз көрсетіледі. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының, 6) тармақшасына сәйкес чиптердің құнын жайтау ақылы негізде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған чиптердің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.

8. Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13:00-ден 14:30-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. 9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) күнігін кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі: 1) ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру үшін ветеринариялық паспорт беру; осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжатдың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); чиптер үшін ақы төленгенін (чиптеу кезінде) растайтын құжат; 2) сырға (сырғалар) жоғалған немесе бүлінген кезде телнұсқасын алу үшін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру өткізу үшін: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжатдың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкес-

төндіру үшін); 3) жоғалған немесе ескірген кезде ветеринариялық паспорттың телнұсқасын алу үшін; ветеринариялық паспорттың екінші нұсқасын алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (ветеринариялық паспорттың жоғалғанын, бүлінгенін растайтын құжаттардың қосымшасымен қоса) өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); 4) ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін; осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); порталға ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін электронды құжат нысанындағы өтініш; Жеке басты куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: 1) көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылдау күні, уақыты, құжатты қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің атын көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады; 2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.